

**Тарихи анықтама
№ 27 қордағы**

Жымпиты ауылы

«05» ақпан 2014 жыл

Сырым ауданының прокуратурасы Қазақстан Республикасы прокуратурасының орталықтандырылған бір жүйесіне кіретін мемлекеттік мекеме.

Прокуратура кез-келген заң бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы мемлекет атынан Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-іздістіру қызметінің, тергеу мен анықтаудың, әкімшілік, азаматтық істер және атқару өндірісінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады.

Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданының прокуратурасы Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтарын және басқа да құқықтық нормативтік актілерін аудан көлемінде жүзеге асуына қадағалау жұмыстарын жүзеге асырумен, жедел іздістіру, тергеу, әкімшілік, азаматтық істер және атқару өндірісінің заңдылығын бақылаумен айналысады.

Сырым ауданының прокуратурасының 2007-2008 жылдардағы штаттық кестесі:

1. Аудан прокуроры – 1
2. Аудан прокурорының аға көмекшісі – 1
3. Аудан прокурорының көмекшісі – 1
4. Жетекші маман – 1
5. Көлік жүргізуші – 1.

Сырым аудандық прокуратурасының 2007 - 2008 жылдар аралығын қамтитын құжаттарын қабылдау кезінде аудан прокуроры қызметін әділет кеңесшісі Арыстанов Асан Утепович атқарған.

2007 жылы аудан деңгейінде заңдылықты қадағалау барысында 79 тексеріс жүргізіп, 263 заң бұзушылық анықталған. Нәтижесінде 50 наразылық қанағаттандырылып, 70 ұсыныс қаралған. 11 заң түсіндірулер берілген.

Прокурорлық ықпал ету нәтижесінде 161 заңсыз акт өзгертілген және жойылған. Тексеріс барысында 16 тұлғаның конституциялық құқықтары қорғалып, 60 тұлға тәртіптік, 54 тұлға әкімшілік, 16 материалдық жауапкершілікке тартылған. Тексеру қортындысы бойынша 1 қылмыстық іс қозғалып, сотқа жолданған.

Азаматтық іс бойынша 1 талап арыз сотпен қанағаттандырылып, 71 002 теңге көлемінде қаржы мемлекет бюджетіне қайтарылған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының сақталуы бойынша 16 тексеру жүргізіліп, 27 заң бұзушылықтар анықталған. Анықталған заңбұзушылықтарды жою үшін 8 наразылық, 10 ұсыныс енгізіліп, 14 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Негіз: Қ 27 Т.№ 1 Іс 7-5-07 п. 2, 4, 5.

Тергеу және анықтау саласындағы заңдылықты қадағалау бойынша қылмыстық қудалау органдарының қызметінде анықталған заң бұзушылықтарды жою бойынша 15 ұсыныс енгізіліп, 22 адам тәртіптік жазаға тартылған. 14 қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы аудан прокурорымен бұзылып, қосымша тексеруге жолданып, нәтижесінде 1 қылмыстық іс қозғалып, аудандық сотқа жолданған.

ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 22 бабы бойынша 32 қылмыстық іске нұсқау, прокурормен қамауға алуға 3 санкция берілген.

Негіз: Қ 27 Т.№ 1 Іс 15-3-07 п. 1, 3, 4.

2008 жылы әлеуметтік-экономикалық салада заңдылықты қадағалау бойынша 46 тексеріс жүргізіліп, 179 заң бұзушылық анықталған. Нәтижесінде 56 наразылық енгізіліп, қанағаттандырылды, 116 заңсыз акті өзгертіліп, жойылды, оның ішінде 45-і әкіммен шығарылған. Заң бұзушылықтарды жою және болдырмау туралы 24 ұсыныс енгізіліп, 49 тұлға тәртіптік, 51 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Негіз: Қ 27 Т.№ 1 Іс 20-9-08 п. 51.

Тергеу саласы бойынша анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы 10 ұсыныс енгізіліп, 14 адам жазаға тартылған. ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 22 бабы бойынша 31 қылмыстық іске нұсқау берілген. Прокурормен мүлікке тыйым салу туралы 1 қаулы, 1 тінту қаулысы шығарылған.

Негіз: Қ 27 Т.№ 1 Іс 20-9-08 п. 52.

Бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық түсіндіру жұмыстары бойынша 38 іс-шара атқарылып, соның ішінде 12 мақала, 1 пресс-конференция өткізілген.

Негіз: Қ 27 Т.№ 1. Іс 9-3-08 п. 18.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым аудандық филиалында аудандық прокуратураның құжаттары № 27 қормен белгіленген.

Аудандық прокуратура қызметкерлеріне қатысты бұйрықтар және бухгалтерия жұмысы облыстық прокуратурамен орталықтандырылған.

2002 - 2006 жылдардағы тұрақты құжаттар уақытында тапсырылмай қалып қоюына байланысты, қосымша тізімдеме жасалып отыр.

2002 - 2006 жылдар(қосымша) аралығындағы құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу өткізіліп, тізімдеме жасалды.

Тұрақты сақталатын істердің №1 тізімдемесіне(қосымша) 2002-2005 жылдардағы 20 іс енгізілді.

Олар: «7-3. Зандарға қайшы актілерге қадағалау ретіндегі наразылықтар», «7-4. Заңның бұзылуын жою жөніндегі ұсыныстар», т.б, «8-3. Жылдық статистикалық есептері(нысан №2КВ (гр-адм))», «8-1-2. Жылдық статистикалық есептері(нысан №2КВ (гр-адм))», «8-1-4. Әкімшілік және азаматтық істер бойынша атқару өндірісінің заңдылығын қадағалау мәселелері бойынша облыс прокуратурасымен хат алмасу», «9-3. Жылдық статистикалық есептері(нысан №8У, 1ТӨ)», «12-3. Жылдық статистикалық есептері(нысан №2КВ(уголов))» «12-4. Қылмыстық істер жөніндегі сот актілерінің заңдылығын қадағалау мәселелері бойынша құжаттар (шолулар, анықтамалар, ақпараттық хаттар, әдістемелік құралдар, талдаулар)», «15-8. Кісі өлтіру және адамдардың өміріне, денсаулығына, бостандығы мен намысына қарсы басқа да қылмыстармен күрес, қылмыс жасаған тұлғаларды іздеу туралы заңдардың орындалу мәселелері бойынша хат алмасу», «20-1. Облыс прокурорының қызметтің негізгі мәселелері жөніндегі бұйрықтары, нұсқаулары, өкімдері», «20-3. Облыс прокуратурасы алқа, жедел мәжілістерінің, республикалық құқық қорғау

органдары Үйлестіру Кеңесінің хаттамалары», «20-4. Аудан прокурорымен өткізілген мәжілістердің хаттамалары».

Сырым аудандық прокуратурасының 2006 - 2008 жылдар аралығын қамтитын тұрақты сақталатын құжаттары №1 тізімдемеге(жалғасы) енгізілді.

2006 - 2008 жылдар аралығындағы құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу өткізіліп, тізімдеме жасалды.

Тұрақты сақталатын істердің №1 тізімдемесіне(жалғасы) 2006 - 2008 жылдардағы 41 іс енгізілді.

Олар: «7-5. Жылдық статистикалық есептері(нысан №1 АП, 1КВ)», «7-4. Заңның бұзылуын жою жөніндегі ұсыныстар», т.б, «8-2. Әкімшілік істер жөніндегі сот актілерінің заңдылығын қадағалау мәселелері бойынша құжаттар(шолулар, анықтамалар, талдаулар, ақпараттық хаттар, әдістемелік құралдар, баянжазбалар)», «8-3. Жылдық статистикалық есептері(нысан №2КВ(гр-адм))», «8-1-4. Әкімшілік және азаматтық істер бойынша атқару өндірісінің заңдылығын қадағалау мәселелері бойынша облыс прокуратурасымен хат алмасу», «12-3. Жылдық статистикалық есептері(нысан № 2КВ (уголов))», т.б, «15-4. Заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстар», «15-7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша хат алмасу», т.б, «17-4. Прокурорлық ықпал ету актілері, оларға қатысты құжаттар(ұсыныстар, наразылықтар, қаулылар, санкция, нұсқаулар, заңды түсіндірулер)», «20-3. Облыс прокуратурасы алқа, жедел мәжілістерінің, республикалық құқық қорғау органдары Үйлестіру Кеңесінің хаттамалары» және т.б.

Аудандық прокуратураның құжаттары БҚО мұрағаттар және құжаттама басқармасымен 2010 жылғы 30 сәуірде келісілген істер номенклатурасы негізінде өңделді.

2010 жылғы келісілген істер номенклатурасында 7-5.1 индексі бойынша әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау жөніндегі статистикалық есептері, 8-3.1 индексі бойынша сот актілері мен мемлекет мүдделерін сотта өкілдік ету заңдылығын қадағалау жөніндегі статистикалық есептері, 9-3.1 индексі бойынша азаматтардың өтініштерін қарау жөніндегі статистикалық есептері, 15-3.1 индексі бойынша тергеу және анықтау жүргізу заңдылықтарын қадағалау жөніндегі статистикалық есептері, 17-3.1 индексі бойынша азаматтарды ақтау мен жазасының орындалу заңдылығын қадағалау жөніндегі статистикалық есептері, 36-3.1 индексі бойынша халықаралық шарттарды қолданудың заңдылығын қадағалау жөніндегі статистикалық есептері ретінде индекстеліп, тізбеге енгізілді.

Ғылыми - техникалық өңдеуден өткізілген құжаттардың физикалық жай-күйі қанағаттанарлық. Ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және практикалық маңызын жоғалтқан сақтау мерзімі өткен 668 істер мен құжаттар жою үшін бөлініп алынып, бөлімдер бойынша істердің индекстік реттерімен акт жасалды.

Құжаттар мемлекеттік және ресми тілдерде жазылған.

Құжаттар қалыптастырылып, талапқа сай жүйеленді.

Мұрағаттық қордың хронологиялық шегінен шығатын құжаттар жоқ.

**Сырым ауданының прокуроры
кіші әділет кеңесшісі**

**М.ИЗИМОВ**

**Сырым ауданының прокуратурасының
жетекші маманы**



Г.ШЫНГАЛИЕВА

**Тарихи анықтама
№ 27 қорға**

Жымпиты ауылы

10.12.2013 жыл

Жымпиты ауданының прокуратурасы 1923 жылы құрылған.

(Негіз: Алаштың Ақ ордасы-II кітабынан, 2009 жыл, 154 парақ)

БҚО мемлекеттік мұрағаты Сырым филиалында Жымпиты ауданының прокуратурасының құжаттары 1957-1958, 1960-1985, 1995-2006 жылдар аралығында сақталуда.

Сырым ауданының прокуратурасы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының орталықтандырылған жүйесіне тікелей бағынышты мемлекеттік мекеме болып табылады.

Прокуратура мемлекет атынан республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады.

Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді. Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттілігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне есеп береді.

Өз қызметінде прокуратура ҚР Конституциясын, ҚР «Прокуратура туралы» Заңын және ҚР қолданыстағы ережелері мен бұйрықтарын басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

Жымпиты ауданының прокуратурасы 1992 жылдың қыркүйек айынан бастап Сырым ауданының прокуратурасы болып өзгерді.

(Негіз: Қ-143, Т-1, і-4, п-31)

Жымпиты ауданында әр жылдарда қызмет еткен прокурорлар:

1. Бурашев Хайдар – 1950-1957 жж;
2. Каракулов Сартай – 1957-1962 жж;
3. Шапеков Лұқпан – 1962-1981 жж;
4. Айнуров Жамаш – 1981-1985 жж;
5. Қапезов Жеңіс – 1989-1993 жж;
6. Қүлекешов Әмірхан – 1995-1998 жж;
7. Құрманғалиев Жаксылық – 1998-2000 жж;
8. Қарсақов Кайыр – 2000-2003 жж;
9. Шолақов Айдархан – 2003-2004 жж;
10. Мусағалиев Жардем – 2004-2007 жж.

Жымпиты ауданының прокуратурасының әр жылдардағы штат кестесі:

1960-1961, 1963-1964, 1967 жж – прокурор -1, тергеуші – 1, секретарь-машинист – 1, кіші қызметкер-курьер – 1, конюх -1.

(Негіз: қ-27, Т-1, і-24, п-1, і-46, п-1, і-65, п-2, і-106, п-1, і-227, п-1.)

Жымпиты ауданының прокуратурасының статистикалық көрсеткіштері:

1965 жыл	Қылмыстық өндірістер – 129, Азаматтық өндірістер – 620.
1967 жыл	Қылмыстық өндірістер -38, Азаматтық өндірістер – 198.
1971 жыл	Қылмыстық өндірістер -45, Азаматтық өндірістер – 141.
1976 жыл	Қылмыстық өндірістер -43, Азаматтық өндірістер – 125.
1981 жыл	Қылмыстық өндірістер -49, Азаматтық өндірістер – 129.

(Негіз: Қ-27, Т-1, і-174, п-24, і-225, п-9, і-290, п-2, і-340, п-1, і-385, п-15)

Бухгалтерия бөлімі орталықтандырылған, Сырым ауданының прокуратурасының 1998-2006 жылдардағы ұжымы: аудан прокуроры-1, прокурордың аға көмекшісі-1, прокурордың көмекшісі-1, жетекші маман-1.

Құжаттар құрылымдық-функционалдық және хронологиялық бағыты бойынша жүйеленген.

Мұрағаттық қордың хронологиялық шегінен асатын құжаттар – жоқ.

2013 жылдық қараша-желтоқсан айларында № 27 қор құжаттарына ғылыми-техникалық сараптау жұмыстары жүргізілді. Қорда барлығы 01.11.2013 жылға 452 сақтау бірлігі болды. Ғылыми-техникалық сараптау жұмыстарын жүргізгеннен кейін қорда барлығы 513 сақтау бірлігі тізімдемелерге енгізілді. 61 іс ажыратылып, қайта тігілді: қылмыстық істер қозғау туралы қаулылар – 32 іс, қылмыстық істер жөніндегі кассациялық наразылықтар -5 іс, жеке және апелляциялық наразылықтар бойынша прокурорлық қорытындылар -3 іс, прокурорлық тексерістер бойынша заңды шешім қабылдау үшін жолданған ақпараттық хаттар – 5 іс, азаматтық істер бойынша қадағалау жөніндегі құжаттар - 3. Бұрын штат кестесі мен шығындар сметалары бір іс болған, олар ажыратылып, қайта тігілді -13 іс.

Тізімдемеде 304, 227 парақтан тұратын 2 істер бар, олар 1967-1969 жж бір іске қатысты анықтау өндірісі және қадағалау тіртібі бойынша ұсынылған заңға қайшы келетін актілерге наразылықтар, бұл істер типографиялық кітапқа тігілген істер. № 1 тізімдеменің соңына қордың бұрынғы тізімдемелері енгізілді. 180 парақтан асатын құжаттар қайта тігіліп, нөмірленіп, қорытынды жазбалары жазылды. Құжаттардың барлық тиісті деректемелері талапқа сәйкес ресімделді.

1986-1994 жж аралығындағы құжаттары сақтауға тапсырылмаған. Бұл жөнінде аудан прокурорының анықтамасы қор ісінде сақталуда (15.08.2003 ж №682 санды анықтама). Тізімдемелердегі істер индекстері хронология бойынша қойылды.

Қор бойынша жоюға жататын құжаттар жоқ.

Нәтижесінде қор бойынша: №1 тізімдеме бойынша – 60 бума құрастырылып, барлығы 60 жаңа жапсырма жасалды.

Мұрағаттық қорға жасалған ғылыми-анықтамалық аппарат құрамын тізімдеме, тарихи анықтама, жетілдіру акттері, қор кәртішкесі құрайды.

№1 тұрақты сақталатын тізімдемеге жылдық жұмыс жоспарлары, хаттамалар, айыптау өндірістері, статистикалық есептер, қылмыстық істер қозғау қаулылары, азаматтық істер бойынша қадағалау құжаттары, штаттық кестелер, шығындар сметалар, қаржылық есептер енгізілді, қордың бұрынғы тізімдемелері.

Мұрағат қорының көлемі мен құрамында өзгерістер болған жоқ.

Құжаттардың сақталу деңгейі – қанағаттанарлық.

Тізімдеме, жетілдіру акттері, тарихи анықтама, қор кәртiшкесі мемлекеттік тілде жасалды.

Ғылыми-техникалық өндеуден кейін төмендегідей есептік құжаттар құрастырылды:

1. 513 іс енгізілген 1957-1958, 1960-1985, 1995-2006 жылдар аралығында № 1 тұрақты сақталатын істер тізімдемесі;
2. Жетілдіру актілері;
3. Тарихи анықтама;
4. Қор кәртiшкесі.

Құжаттардың күйі және өндеу сапасы жақсы.

Құжаттардың тілі - аралас (мемлекеттік және орыс тілдерінде).

Құрастырған:

БҚО мемлекеттік мұрағаты Сырым филиалының директоры



А.А.Шілмұқанова